

Келісемін
Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары: _____ **З.С.Садыкба**
_____ **Б.Ж.Шалахаев**
« _____ » _____ **2023 ж**

Бекітемін
Мектеп директоры:
_____ **Г.Б.Байтас**
« _____ » _____ **2023 ж**

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «№32 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ
zamzaS+++111

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША

ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ



2023-2024 оқу жылы

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ІС-ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ:

6-10 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ

6-10 жастағы балалар жаңаны үйренуге ашық, білуге құмар, білім алуға ерекше ынталы, берілген тапсырманы дұрыс орындауға тырысады, кез келген әрекетті шын ниетімен орындауға ұмтылады, жан-жануарларға, табиғатқа қамқорлық танытуға белсенді, өзінен кіші балаларға мейірімділік көрсетуге бейім.

6-10 жастағы балалар тәрбиесі бойынша ұсынылады:

- ✓ тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- ✓ қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- ✓ халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- ✓ бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ✓ ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- ✓ әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

11-15 жас кезеңдегі жасөспірім тәрбиесі

Жасөспірімдік кезең бала дамуындағы ерекше кезең. Бұл кезеңде бала өзін ересек, өз бетінше шешім қабылдай алатын дербес тұлға ретінде көрсетуге ерекше ұмтылады. Олар еліктегіш, құрдастарының, достарының пікірлері маңызды деп санайды, тәуекелге барып, батыл қадамдар жасайды, мінез-құлқы жылдам өзгермелігін ескере отырып 11-15 жастағы балалар тәрбиесі бойынша ұсынылады:

- ✓ тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- ✓ жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- ✓ еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ✓ ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- ✓ тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- ✓ білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- ✓ табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- ✓ жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- ✓ «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

15-18 жас кезеңдегі жастар тәрбиесі

15-18 жас кезеңінде білім алушылар жедел шешімдер қабылдап, тәуекелдерге барудан қорықпайды, албырттығымен ерекше және өз болашағы туралы ойланып, тәуелсіз шешім қабылдауға бейім болатындығын ескере отырып тәрбие жұмысын ұйымдастыруда ұсынылады:

- ✓ ел мен жер тұтастығы мен ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауатты өмір салтын ұстануға басымдық берілуі тиіс;
- ✓ отбасы алдындағы перзенттік парызы мен Отан алдындағы борышын түсінуге бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ✓ халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу мен ұлттық бірегейлікті сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- ✓ отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- ✓ адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

Тәрбиенің құндылықтары	Негізгі индикаторлар	Күтілетін нәтижесі:
<p>Ұлттық мүдде/ Национальный интерес</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу; 	<p>Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары
<p>Ар-ұят/ Совесть</p>	<p>Академиялық адалдыққағидатын қолдау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптасарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. 	<ul style="list-style-type: none"> - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптасарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.
<p>Талап/ Стремление</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау. 	<ul style="list-style-type: none"> - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға

2023-2024 оқу жылының тәрбие жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1.	<p>Тәрбие жұмысының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар, ҚР заңдары, өңірлік бағдарламалардың ережелері.</p> <p>1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының Конституциясы</p> <p>3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл</p> <p>4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы.</p> <p>5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы.</p> <p>6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы.</p> <p>7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы.</p> <p>8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы</p> <p>9) "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы</p> <p>10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 06 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.</p> <p>11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы №348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;</p>	Нормативтік құжат	ТІЖО 1-11 сынып жетекшілері	Оқу жылы бойы

	<p>12) "Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды бекіту туралы" (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. № 26 бұйрығына өзгеріс енгізілді-ҚР Білім Министрінің 30.12.2022 ж. № 534 бұйрығымен);</p> <p>13) "Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілер туралы ережені бекіту туралы" (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығына өзгеріс енгізілді-ҚР БҒМ 31.05.2022 ж. № 251 бұйрығымен);</p> <p>14) "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" (ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы);</p> <p>15) "Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы" (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы)</p>			
2.	"2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы " әдістемелік нұсқаулық хат.	ӘНХ	ТІЖО Сынып жетекшілер	31 тамыз
3.	<p>- Орта мектептің 7-11 сынып оқушыларына кәсіби диагностика жүргізу бойынша құралдарды пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар.</p> <p>- Ерекше қажеттілікті қажет ететін балалардың мамандық таңдауы кезінде отбасының, мектептің және жұмысқа орналастыру органдарының өзара іс-қимылы бойынша әдістемелік ұсынымдар. (https://www.nao.kz).</p>		ТІЖО Сынып жетекшілер	31 тамыз
4.	ҚР БҒМ ережесі негізінде сынып жетекшілерінің міндеттерін әзірлеу	Лауазымдық міндеттер	ТІЖО	11 қыркүйек
5.	Бұқаралық іс-шаралар қауіпсіздігін құжаттамалық қамтамасыз ету. (қажетті бұйрықтар шығару, жоспарларды, кестелерді бекіту).	Нормативтік актілер	Мектеп директоры	Оқу жылы ішінде
6.	Білім алушылар үшін көшпелі іс-шараларды құжаттамалық қамтамасыз ету. (қажетті бұйрықтар шығару, жоспарларды, кестелерді бекіту).	Нормативтік актілер	Мектеп директоры	Оқу жылы ішінде

<p>7. Балалар мен жасөспірімдердің деструктивті мінез-кұлқының алдын алу жөніндегі республикалық және облыстық жоспарлардың, жол карталдарының тізбесі. Республикалық: 1) Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің және балалардың құмар және компьютерлік ойындарға (лудоманияға) тәуелділігінің алдын алу жөніндегі білім беру ұйымдарының 2023-2024 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру жөніндегі жол картасы; 2) Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің және білім беру ұйымдарының 2023-2025 жылдарға арналған оқушылар мен жастар арасында электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу жөніндегі қызметін ұйымдастыру жөніндегі жол картасы; 3) Балалар " жол картасы. Интернет. 2023-2024 оқу жылына арналған ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ұйымдастыру жөніндегі" Медиа-қауіпсіздік"; 4) 2030 жылға дейін "қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуға, атап айтқанда, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында студенттер арасында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтық мәдениетінің негізін қалыптастыру бойынша жүйелі және өзара байланысты жұмыс жүргізуге бағытталған шаралар қабылдау туралы" бірлескен бұйрық; 5) Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары; 6) Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім беру және тәрбиелеу іс-шараларының 2023-2029 жылдарға арналған жоспары;</p>	<p>Перечень республиканских и областных планов и дорожных карт</p>	<p>Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары</p>	<p>Оқу жылы бойы</p>
--	--	---	----------------------

	7) Қазақ және орыс тілдерін жақсы меңгерген балаларды тәрбиелеу жөніндегі 2023 жылға арналған кешенді іс-шаралар жоспары (Жол картасы) ; 8) Балаларды зорлық – зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары			
I. Ғылыми – әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз қызмет ету				
1.	"Замануи сынып жетекшінің педагогикалық шеберлігі" тақырыбы бойынша сынып жетекшілеріне семинар өткізу.	Аналитикалық ақпарат, семинар бағдарламасы	ТІЖО, Әлеуметтік педагог	қараша
2.	«Қазіргі педагогтың Сетскиллс» тақырыбы бойынша шебер-сынып.	Аналитикалық ақпарат, семинар бағдарламасы	ТІЖО, Әлеуметтік педагог	қаңтар
3.	«Сынып жетекшінің жұмысындағы медиативтік технологиялар» тақырыбы бойынша педагогикалық кеңесті ұйымдастыру және өткізу. Сынып жетекшілерінің әдістемелік жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктерінің отырыстары	Хаттама	ТІЖО	наурыз
4.	Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің отырыстары	Хаттама	Бірлестік жетекшілері	Кестеге сәйкес
5.	Іс-шаралардың өткізілуі бойынша БАҚ-та жариялау	БАҚ мақалалары, сілтемелер	Педагог-ұйымдастырушы	Оқу жылы ішінде
6.	Республикалық және қалалық әлеуметтік жобаларды іске асыру: <ul style="list-style-type: none"> ○ «Мектеп парламенті»; ○ «Ұшқыр ой алаңы»; ○ «Оқуға құштар мектеп»; ○ «Балалар кітапханасы»; ○ «Еңбегі адал жас өрен»; ○ «Жеткіншектің жеті жарғысы»; ○ «Ұлттық мектеп лигасы»; ○ «Балалар және театр»; 	Жобалардың орындалуы, Аналитикалық талдама	ТІЖО Педагог-ұйымдастырушы Кітапханашы Сынып жетекшілер	Оқу жылы бойы

<ul style="list-style-type: none"> ○ «Төрт тоқсан – Төрт өнер»; ○ «Тоғыз айға тоғыз іс-шара»; ○ «Үндестік» (отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі бойынша) 			
--	--	--	--

I. Іске асыру тетіктері. Негізгі іс-шаралар

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	Білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	«Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Сынып жетекші	01.09.2023ж
2	Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл (9-11 сынып) («Жеткіншектің жеті жарғысы «оқуға құштар мектеп»)	Сынып сағаттары, жарияланымдар	Сынып жетекшілер, Мектеп кітапханашы: Альмурзина А.С.	3 апта қыркүйек
3	Қарттар күніне арналған іс-шаралар (1-11 сынып) («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Еріктілер акциясы, жарияланымдар	Сынып жетекшілер	4 апта қыркүйек
4	«Ұлттық мұраны дәріштеу, қазақ тілі» (1-11 сынып) («Жеткіншектің жеті жарғысы, «Оқуға құштар мектеп» жобалары)	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	2 апта қыркүйек
АР- ҰЯТ				
1	Балалар назарына! "АІБ қызметкерлерімен бірлесіп жол-көлік оқиғаларының алдын алу жөніндегі іс-шаралар (1-11 сынып) («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Фотосеп, ақпарат жарияланым	Әлеуметтік педагог: Мамедова Н.И. Уразбаева А.Е. ІІМ қызметкерлері:	1-30 қыркүйек

2	«Отбасы – бақыт мекені» іс-шаралар жоспары (1-11 сынып) («Еңбегі адал жас өрен», «9 айға – 9 іс-шара»)	Фотоесеп, ақпарат жарияланым	Айгерим Маратовна Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. Сынып жетекшілер	11- 16 қыркүйек
3	««Әжемнің ертегісі»» (1-4 сынып) («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер Әжелер мектебі	3 апта қыркүйек
4	"Қауіпсіз мектеп ортасы" акциясы. (кибербуллингтен қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу) (1-11 сынып) («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Фотоесеп, ақпарат жарияланым	Педагог- психолог: Абрамова О. А. Ишанкулова А.Т. Әлеуметтік педагог: Мамедова Н.И. Уразбаева А.Е.	3 апта қыркүйек
5	Клуб қызметі: «Адал ұрпақ» (5-11 сынып) («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Жұмыс жоспары, хаттама, жарияланым	Педагог- ұйымдасушы: Шырынхан А.Ә.	15 қыркүйек
ТАЛАП				
1	"Ұлы даланың Халықаралық тілі" Қазақстан халқының Тілдері күніне арналған іс-шаралар. (1-11 сынып) («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Фотоесеп, салтанатты жиын	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестіктері	2 апта қыркүйек
2	Мектеп парламентінің Президентін сайлау. (1-11 сыныптар, сайлау науқаны) («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Фотоесеп, хаттама	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә.	3-4 апта қыркүйек
3	«Спорттық ойындар күні», «Спорт-тайм!» (1-11 сынып) («Ұлттық мектеп лигасы», «9 айға – 9 іс-шара» жобасы)	Мектепшілік спорттық эстафета, фотоесеп, видео, жарияланым	Дене шынықтыру пәні ӘБ Кирилл Александрович	1 апта қыркүйек
4	Онкүндік «Экологиялық білім және ақпараттандыру»	Жоспар бойынша	Жаратылыстану гуманитарлық бағыты ӘБ	3 апта қыркүйек

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

1 қазан - Қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

25 қазан – Республика күні

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл

Алаш жүртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл

Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

1	"Менің Отаным-Қазақстан!" Республика күніне арналған іс-шара. (1-11 сынып) («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Салтанатты жиын, сынып сағаттар, акциялар, жарияланым	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. сынып жетекшілер	4 апта қазан
2	Акция «Әнұран орындау» (1-11 сынып) (9 айға – 9 іс-шара)	Әнұранды орындау	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. сынып жетекшілер	4 апта қазан
3	«Оқуға құштар мектеп» жобасы (5-11 сынып)		ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Мектеп кітапханашысы: Альмурзина А.С.	4 апта қазан
4	"АЛАШ" партиясының қайраткерлеріне арналған дебаттық турнир (8-11 сынып) («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	турнир, жарияланым, ақпарат	Дебат жетекшісі: Жумановна Р.А.	2 апта қазан
5	«Дұрыс тамақтану және денсаулық»	Сынып сағаты	Мектеп медбикелері:	2 апта

	(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)		Купенова С.М. Сынып жетекшілер	қазан
АР- ҰЯТ				
1	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда ...» мұғалімдер күніне іс-шара (1-11 сыныптар.) («Еңбегі адал жас өрен», «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалары)	Фотоесеп, челлендж, жарияланым	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. Сынып жетекшілер	1 апта қазан
2	«Бір отбасы – бір кітап. (1-11 сынып) («Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп»)	Челлендж	Мектеп кітапханашы: Альмурзина А.С. Сынып жетекшілер,	4 апта қазан
3	«ЖЗЛ» проект (9-11 сынып) («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	Дөңгелек үстел	Мектеп кітапханашы: Альмурзина А.С. Сынып жетекшілер,	3 апта қазан
ТАЛАП				
1	«Экосағат!», «Жизни пора золотая»	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	1-2 апта қазан
2	"Қамқорлық" акциясы. "Жақсылық жолымен" (1-11 сынып). («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы)	Еріктілер жұмысы, фотоесеп, жарияланым	Сынып жетекшілер, еріктілер	1 апта қазан
3	«Электрондық темекінің зияны» бойынша профилактикалық әңгімелер (5-11 сыныптар)	№ 11 емхананың, "СӨС"орталығының дәрігерлерімен кездесулер	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Мектеп медбикелері: Купенова С.М. Сынып жетекшілер	2 апта қазан
4	"Жаман әдеттер және олардың денсаулыққа әсері" (1-11 сыныптар) ("Жасөспірімнің Жеті жарғысы" жобасы)	№ 11 емхананың, "СӨС"орталығының дәрігерлерімен кездесулер	Мектеп медбикелері: Купенова С.М. Сынып жетекшілер	1 апта қазан
5	Мектеп Парламентінің Президентін Сайлау. Президенттің Ұлықтау Рәсімі.	Сыныптан тыс іс-шара	Педагог- ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. Мектеп Парламенті	4 апта қазан

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

15 қараша - Ұлттық валюта күні

Күзгі демалыс

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

1	"Мен-Ұлы даланың баласымын" (5-11 сыныптар), "Әкеге құрмет, анаға құрмет" (1-11 сынып) («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	1 апта қараша
2	15 қараша-Ұлттық валюта күні. (1-11 сынып) («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	3 апта қараша
3	Челлендж «Асық Ату» (1-4 сыныптар) («9 айға – 9 іс-шара»,	жарыс	Дене шынықтыру пәні ӘБ Кирилл Александрович	2 апта қараша

АР- ҰЯТ

1	Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу. (5-11 сынып) («Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	4 апта қараша
2	«Парасаттылық», «Ар-ұждан» (5-11 сынып) Клуб отырысы «Адал ұрпақ» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Дөңгелек үстел	Үйірме жетекшісі	3 апта қараша
3	Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні.	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер Мектеп медбикелері: Купенова С.М.	4 апта қараша
4	"Баланы тәрбиелеу мен әлеуметтендірудегі отбасы мен мектеп міндеттерінің ерекшеліктері" ("Ұрпаққа аманат" жобасы)	Ата-аналар жиналысы	Сынып жетекшілер	1 апта қараша

ТАЛАП

1	"Жолдағы қауіпсіздік" (1-4 сыныптар) Интернетке тәуелділіктің алдын алу (5-11 сыныптар)	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	4 апта қараша
2	«Бес асық» қаланың үздік спортшыларының қатысуымен (5-11 сынып). («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы)	жарыс	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Дене шынықтыру пәні ӘБ Кирилл Александрович	2 апта қараша
3	«Поэзия кеші» («Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп» жобалары)	Әдеби кеш, жарияланым	Мектеп кітапханашы: Альмурзина А.С. Қазақ тілі, орыс тілі пәні мұғалімдері	4 апта қараша

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

1	«Танымал адамдармен» кездесу (9-11 сынып) («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Танымал адамдармен кездесу	Сынып жетекшілер	1 апта желтоқсан
2	"Бейбітшілік және келісім сабағы" Жастар орталығы қызметкерлерінің қатысуымен Мектеп Парламенті көшбасшыларының форумы. (5-11 сыныптар) («Жеткіншектің Жеті жарғысы», «Читающая школа» жобалары)	Сыныптан тыс іс-шара	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. Сынып жетекшілер	2 апта желтоқсан
3	«Шығарма жазу: болашаққа хат» челлендж	Сыныптан тыс іс-шара	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. Мектеп кітапханашы: Альмуззина А.С. сынып жетекшілер	1 апта желтоқсан
4	«Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі. (1-11 сынып) («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	3 апта желтоқсан

АР- ҰЯТ

1	Акция «Мен-Еріктімін» (5-11 сынып). («Еңбегі адал жас Өрен" жобасы)	Сыныптан тыс-шара	Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. Сынып жетекшілер	2 апта желтоқсан
2	"Күнделікті өмірде адалдық. Қауіпсіздік ережелерін сақтау" (1-8 сынып)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	4 апта желтоқсан
3	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» ата-аналардың қатысуымен пікірталас турнирі. («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	турнир ақпарат жарияланымдар	Тарих пәні ӘБ, Мектеп кітапханашы: Альмуззина А.С.	3 апта желтоқсан

ТАЛАП

1	"Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік. "Ел жастары" бағдарламасы («Өр талапты, озық ойлы ұлан» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	3 апта желтоқсан
---	--	--------------	------------------	------------------

2	"Еңбекқорлық және оның жетістікке әсері" (1-11 сыныптар) («Еңбегі адал жас Өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	2 апта желтоқсан
3	"Жаман әдеттер және олардың денсаулыққа әсері" (1-4 сыныптар) "Өз денсаулығыңды өзің жаса" (5-11 сыныптар) («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер Мектеп медбикелері: Купенова С.М.	1 апта желтоқсан
4	"Жаңа жылдық калейдоскоп" жаңа жылдық іс-шаралар	Сыныптан тыс іс-шара, акция, марафон	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. Мектеп кітапханашы: Альмурзина А.С. сынып жетекшілер	4 апта желтоқсан

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

Қысқы демалыс

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

1	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы. (1-11 сынып) («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шара	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Дене шынықтыру пәні ӘБ Кирилл Александрович	2 апта қаңтар
2	Кәсіптер әлемінде "Time pros" Ашық есік күні. Полиция бөлімшелеріне, өрт сөндіру бөлімдеріне Экскурсия. (9-11 сынып) («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шара экскурсия	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. Полици ИМ қызметкерлері: Айгерим Маратовна	4 апта қаңтар

АР- ҰЯТ

1	«Парасаттылық туралы» (5-11 сынып) («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	2 апта қаңтар
2	Полиция қызметкерлерінің қатысуымен "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, зорлық-зомбылықтың, корқытудың, қудалаудың, балалар	Іскерлік ойын	Педагог- психолог: Абрамова О. А. Ишанкулова А.Т. Әлеуметтік педагог:	3 апта қаңтар

	ортасында мектепте атудың алдын алу" ақпараттық сағаты. (5-11 сынып). («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)		Мамедова Н.И. Уразбаева А.Е. ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Полицы ИМ қызметкерлері: Айгерим Маратовна	
3	Ата-аналар дәрісі. «Отбасыдағы ортақ тіл. ("Ата-аналар мектебі")	Ата-аналар жиналысы, хаттама	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог- психолог: Абрамова О. А. Ишанкулова А.Т. сынып жетекшісі	4 апта қаңтар

ТАЛАП

1	«Мен оқыған бір ертегі» (1-4 сынып).(«Балалр кітапханасы» жобасы)	Сынып сағаты	Мектеп кітапханашы: Альмурзина А.С. Сынып жетекшілер	2 апта қаңтар
2	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам. (1-11 сыныптар). («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Жарысқа қатысу	Пән мұғалімдері Сынып жетекшілер	4 апта қаңтар
3	"Қалдықтарды кіріске айналдырайық" әлеуметтік жобалар фестивалі. (5-11 сынып) (проект «Еңбегі адал жас өрен»)	Сыныптан тыс іс-шара, Әлеуметтік жобалар	Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. Пән мұғалімдері	2 апта қаңтар
4	«Қауіпсіз интернет» (1-11 сынып) («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	4 апта қаңтар

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

1	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары. (5-11 сынып) («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағаты	Мектеп кітапханашы: Альмурзина А.С. Сынып жетекшілер	1 апта ақпан
2	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы. (1-4 сынып). («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағаты	Мектеп кітапханашы: Альмурзина А.С. Сынып жетекшілер	1 апта ақпан

3	Еске алу кеші " Тарихқа тағзым. Тарихқа құрмет " Шекара қызметінің ардагерлері мен ауған соғысы ардагерлерінің қатысуымен. <i>(1-11 сынып)</i> («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шара	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Сынып жетекшілер	2 апта ақпан
---	--	----------------------	--	--------------

АР- ҰЯТ

1	«Сен және Заң» <i>(1-11 сынып)</i> <i>(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)</i>	Сынып сағаты	Полици ИМ қызметкерлері: Айгерим Маратовна Сынып жетекшілер	3 апта ақпан
2	«Адал ұрпақ» клубының фестивалі	Фестиваль сценарийі	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. сынып жетекшілер	2 апта ақпан
3	«Балалық шақтың досы. Достық туралы сөйлесейік» <i>(1-11 сынып)</i> . («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	3 апта ақпан

ТАЛАП

1	«Үйрен жақсы әдептен...» <i>(1-4 сынып)</i> <i>(«Ата-аналар мектебі» жобасы)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	1 апта ақпан
2	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі мен цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту. <i>(5-11 сынып)</i>	Сынып сағаты	Педагог- психолог: Абрамова О. А. Ишанкулова А.Т. сынып жетекшісі	2 апта ақпан
3	Іскерлік ойын. «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап. <i>(9-11 сынып)</i> . («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Іскерлік ойын	Сынып жетекшісі	4 апта ақпан

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

1	«Домбыра Party» музыкалық іс-шара «Домбырашылар челлендж» <i>(5-11 классы)(«9 айға-9 іс-шара»)</i>	Сыныптан тыс іс-шара, челлендж	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С.	3 апта наурыз
---	---	-----------------------------------	--	---------------

			Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. сынып жетекшілер Домбыра үйірмесінің жетекшісі	
2	«Сәлем сөздің патшасы.» (1-11 сынып)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	1 апта наурыз
3	Көрме «Ұлттық өнер» (1-11 сынып) («Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы)	Көрме	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. сынып жетекшілер	3-4 апта наурыз
4	«Наурыз мейрамы» Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар.	Сыныптан тыс іс-шара, челлендж, көрме, акция	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. сынып жетекшілер	4 апта наурыз

АР- ҰЯТ

1	«"Мың алғыс...мың алғыс..." Алғыс айту күніне арналған іс-шаралар (1-11 сыныптар) ("Оқуға құштар мектеп" жобасы)	Челлендж, жарияланым	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. сынып жетекшілер	1 наурыз
2	Акция «Үміт сәулесі» (7-11 сынып) («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	ақпарат жарияланымдар	Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. сынып жетекшілер	1 апта наурыз
3	«Адалдық-адамдықтың белгісі.» (1-11 сынып) (проект «Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	4 апта наурыз
4	«Халықаралық әйелдер күні» іс-шаралар. (1-11 сынып). («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	Мерекліс іс-шара, көрме, жарияланым	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. сынып жетекшілер	5-7 наурыз

ТАЛАП/ СТРЕМЛЕНИЕ

1	«Табысты тұлға» (5-11 сынып). («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	3 апта наурыз
2	«Жолдағы қауіпсіздік». (1-4 сынып)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	2 апта наурыз
3	Республикалық марафон «Мен салауатты өмір салтын жақтаймын» (1-11 сынып). (Ұлттық мектеп лигасы» жобасы)	Спорттық марафон жарияланым	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Дене шынықтыру пәні ӘБ Кирилл Александрович Сынып жетекшілер	3 апта наурыз

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

12 сәуір - Ғылым күні

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

1	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар. Забытые национальные блюда» (1-11 классы) (проект «Школа родителей»)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	2 апта сәуір
2	"Ұлы дала мұрагерлері" кітапхана сабағы (1-11 сынып). («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Кітапхана сабағы	Мектеп кітапханашы: Альмурзина А.С. Сынып жетекшілер	1 апта сәуір
4	«Өркенде менің Қазақстаным». (1-11 сынып) («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	4 апта сәуір

АР- ҰЯТ

1	«Достық-көмегімен берік. Достық көмекке деген қамқорлық.»(1-11 сынып) («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	4 апта сәуір
2	"Қоқысты қайта өңдеу процесі?" (1-11 сынып)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	3 апта сәуір

ТАЛАП

1	ЖОО оқытушыларының қатысуымен Ғылым күніне арналған іс-шаралар. (5-11 сынып) («Еңбегі адал жас өрен», «Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Ғылыми конференция, көрме	Мектеп кітапханашы: Альмурзина А.С. Пән мұғалімдері, Сынып жетекшілер	3 апта сәуір
2	Білім алушылар, ата-аналар мен педагогтар арасындағы ұлттық ойындар эстафетасы. (1-4 сынып, 5-11 сынып). («Ұлттық мектеп лигасы», «Үндестік» жобалары)	Спорттық эстафета	Дене шынықтыру пәні ӘБ Кирилл Александрович Сынып жетекшілер	4 апта сәуір

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

1	"Бір шаңырақ астында" Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған іс-шаралар. (1-11 сынып) («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	Фестиваль, акция, эстафета, көрме	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. сынып жетекшілер	1 апта мамыр
2	«Батырлар ерлігі ғасырлар бойы өмір сүріп келеді» (1-11 сынып. («Жеткіншектің Жеті жарғысы», «оқуға құштар мектеп» жобалары)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	3 апта наурыз
3	«Менің кішкентай Отанымның картасы». (1-11сынып) («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шара	Пән мұғалімдері Сынып жетекшілер	4 апта наурыз
4	«Ұлттар достастығы» (1-8 сынып). («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	4 апта мамыр

АР- ҰЯТ

1	«Медиа time» (5-11сынып) «Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	2 апта мамыр
2	Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» (1-11 сынып) «Ұлттық мектеп лигасы»жобасы	Эстафета	Дене шынықтыру пәні ӘБ Кирилл Александрович Сынып жетекшілер	3 апта мамыр
3	Фестиваль «Отбасы FEST» ата-аналар қоғамдастығының қатысуымен (1-4 сынып, 5-11сынып). «Ата-аналар мектебі» жобасы	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекшілер	3 апта мамыр

ТАЛАП

1	Отан қорғаушылар күніне арналған «Сапта жүріп ән айту» байқауы. (10 сыныптар)	Сыныптан ты іс-шара	АӘД пәні мұғалімі: Қуаныш Балтабаевич ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Сынып жетекшілер	1 апта мамыр
2	«Тағдырыңның кілті – өз қолыңда!» (9-11сынып). «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	4 апта наурыз
3	«Жолдағы қауіпсіздік». (1-4 сынып)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	2 апта мамыр

4	Оқу жылының аяқталуына арналған мерекелік салтанатты жиын. <i>Сынып сағаттары (1-11 сынып)</i>	Салтанатты жиын сынып сағаттары	ТІЖО Шалахаев Б.Ж. Садыкова З.С. Педагог-ұйымдастырушы: Шырынхан А.Ә. сынып жетекшілер	4 апта мамыр